

**Жезқазған қаласында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 28 сәуірдегі N 11/01 қаулысы. Қарағанды облысы Жезқазған қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 31 мамырда N 8-2-141 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 24 қазандағы N 22/05 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2012.10.24 N 22/05 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5-5) және 5-6) тармақшаларына сәйкес, жұмысқа орналасуда қиындық көріп жүрген бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды жұмыспен қамтамасыз ету үшін, Жезқазған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Жезқазған қаласында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота, жұмыс орындарының жалпы санының бір пайыз мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Б.Қ. Шыңғысовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жезқазған қаласының әкімі*

*Б. Әбдіғалиұлы*